

Қазіргі қоғамдағы кітаптың орны

Бүгінде «жастар кітап оқымайды» деген пікірді жиі естиміз. Бір қарағанда, бұл сөздің жаны бар сияқты. Себебі қазіргі адамның қолынан смартфон түспейді. Қажетті ақпаратты бірнеше секундта табуға, жаңалықты әлеуметтік желіден оқуға, кітаптың орнына аудионы немесе қысқа видеоны таңдауға болады. Бірақ осыған қарап кітаптың қазіргі қоғамдағы орны жоғалды деу қаншалықты дұрыс?

Меніңше, мәселе кітаптың қоғамнан жоғалуында емес, адамның оны пайдалану тәсілінің өзгеруінде.

2024 жылы кітапханаларға 55,5 миллион рет барған. Ал 2025 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша 3920 көпшілікке қолжетімді кітапхана жұмыс істеген. Бұл кітаптың әлі де қоғам өмірінде өз орны бар екенін көрсетеді.

Бірақ бұл жерде бір маңызды мәселе бар. Кітапханаға барған адамдардың барлығы кітапты ұзақ уақыт оқып отырды деп айтуға болмайды. Демек, бұл сандар адамдардың кітапханаға қызығушылығын көрсеткенімен, олардың кітаппен қаншалықты терең жұмыс істейтінін толық ашпайды. Сондықтан «кітап оқыла ма?» деген сұрақтан гөрі «кітап қалай оқылады?» деген сұрақ маңыздырақ сияқты.

Қазіргі кітаптың басты бәсекелесі – смартфонның өзі емес, адамның назары үшін күресетін цифрлық орта. Әлеуметтік желі бізге бірнеше секундта жаңа ақпарат береді. Бір видеоны көріп болған соң, келесісі бірден шығады. Мұндай орта адамды жылдам қабылдауға үйретеді. Ал кітап, керісінше, асықпай оқуды, бір ойға ұзақ тоқталуды талап етеді. Сондықтан бүгінгі мәселе жастардың кітапты ұнатпауында ғана емес. Мәселе – адамның ұзақ уақыт бойы бір нәрсеге назар аудару қабілетінде.

Кітаптың ерекшелігі де осында. Интернеттен кез келген сұраққа жауап табуға болады, бірақ дайын жауаптың болуы адамның сол мәселе туралы терең ойлағанын білдірмейді. Кітап оқыған кезде адам автордың ойын басынан аяғына дейін бақылауға мәжбүр болады. Кейіпкердің әрекетіне баға береді, өзімен салыстырады, кейде автордың пікірімен келіспейді. Яғни кітап оқырманды тек ақпарат қабылдаушы емес, ойланушы адам болуға итермелейді.

Сонымен бірге кітапты қазіргі технологиядан бөліп қараудың қажеті жоқ. Электронды кітап, аудиокітап және онлайн кітапханалар оқу мүмкіндігін кеңейтті. Бұрын кітапты өзіңмен алып жүру қажет болса, қазір ондаған шығарманы бір телефонға немесе планшетке сақтауға болады. Демек, технология кітаптың жауы емес. Керісінше, оны жаңа оқырманға жеткізетін құралға айнала алады.

Тағы бір назар аударатын мәселе – кітапқа қолжетімділік. Әр адамның қалаған кітабын сатып алуға мүмкіндігі болмауы мүмкін. Бұл жерде кітапханалардың рөлі артады. Кітапхананың бүгінгі міндеті тек кітап сақтау емес, оқырман мен кітаптың арасындағы байланысты күшейту. Сондықтан кітапханалар заманауи ортаға бейімделіп, пікірталас, әдеби кездесу, кітап клубтары сияқты жобалар арқылы жастарды оқуға қызықтыра алады.

Менің ойымша, кітаптың қоғамдағы орнын оның сатылымымен немесе кітапханаға келген адамдардың санымен ғана өлшеу жеткіліксіз. Ең маңыздысы – кітап адамның ойлауына қалай әсер етіп жатыр деген сұрақ. Ақпарат көбейген сайын оны саралау, салыстыру және өз пікіріңді қалыптастыру маңызды бола түседі.

Сондықтан бүгін «кітап па, телефон ба?» деп таңдау жасаудың қажеті жоқ. Телефон ақпаратты жылдам береді, ал кітап сол ақпараттың мәніне тереңірек үңілуге мүмкіндік береді. Қазіргі қоғамға екеуі де қажет. Бірақ технология адамның уақытын түгел алып қоймай, кітап оқуға да орын қалдырғаны маңызды.

Кітаптың болашағы оның жоғалуында емес, өзгеруінде. Формасы өзгеруі мүмкін, оқу тәсілі өзгеруі мүмкін. Бірақ адамның ойланып, сезініп, өз әлемін кеңейту қажеттілігі өзгермейді. Сол себепті кітап қазіргі қоғамда бұрынғыдай маңызды. Тек оны оқитын адамның уақыты мен назарын сақтап қалу – бүгінгі күннің басты мәселелерінің бірі.